ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 7 қазан № 7119-24-00-2/11988 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«RG Start» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульназ Сейткалиевна Траисова
Айман Кеңесбайқызы Досанова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер «RG Start» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульназ Сейткалиевна Траисоваға, Айман Кеңесбайқызы Досанова жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер Айман Кеңесбайқызы Досанова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Айман Кеңесбайқызы Досанова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 649 (алты жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Алимбетов А. С., 13.11.2024
7119-24-3-1/11342

Жауапкер Айман Кеңесбайқызы Досанова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1865 (бір мың сегіз жүз алпыс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың жауапкер «RG Start» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Гульназ Сейткалиевна Траисоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігін қанағаттандырудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Алимбетов А. С., 13.11.2024